

«БЕКІТЕМІН»

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар
мен жасөспірімдер ұйымы» РҚБ
төрайымы


«25»  2022 ж.

**«ZHAS PROJECT» шағын гранттар байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже жастардың осал топтарын қолдау үшін әлеуметтік жобаларды немесе жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жастардың осал топтары қатарындағы жастардың жобаларын іске асыруға бағытталған Қарағанды және Ұлытау облыстарында «ZHAS PROJECT» шағын гранттар байқауын өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Шағын гранттардың жалпы сомасы **63 млн. теңгені** құрайды. Байқау аясында **1 000 000 теңгеге дейін грант** алатын 63 жеңімпаз анықталады.

1.3. Шағын гранттар байқауы (бұдан әрі - байқау) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен Қарағанды және Ұлытау облыстарында гранттар беру рәсімдерінің барынша ашықтығын қамтамасыз ете отырып, «ZHAS PROJECT» жастардың осал топтары арасында пилоттық жобаны іске асыру» гранттық жобасы аясында өткізіледі.

1.4. Ережеде келесі түсініктер қолданылады:

Тапсырыс беруші – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Оператор – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ;

Ұйымдастырушы – байқауды ұйымдастыру және өткізу мәселелерімен айналысатын «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі;

Шағын грант – Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағында әлеуметтік жобаны іске асыруға 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге және 1 (бір) миллион теңгеден аспайтын сомаға грант;

Өтінім беруші – байқауға қатысуға өтінім берген жеке тұлға;

Грант алушы – шағын грант алған байқау жеңімпазы;

Байқау – осы Ережеге сәйкес шағын гранттар беру үшін жеңімпаздарды анықтау процесі;

Байқау комиссиясы – грант алушыларды іріктеу мақсатында өтінімдерді бағалау үшін ұйымдастырушы құратын алқалы орган.

2. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Байқауға қатысу үшін өтініш берушілер барлық көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

- өтініш беруші Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
- өтінім берушінің жасы өтінім берген сәтте 18-ден 28 жасқа дейін (қоса алғанда) болуы тиіс;
- өтінім берушінің Қарағанды немесе Ұлытау облысының аумағында өтінім берілген сәтте кемінде 3 (үш) ай тұрақты немесе уақытша тіркеуі болуы тиіс.

2.2. Жастардың осал топтарынан өтінім берушілерге ерекше басымдық берілетін болады. Жастардың осал топтарына мыналар жатады:

- 1) тіркелген жұмыссыз адам ретінде мәртебесі бар жастар;
- 2) аз қамтылған отбасыларда тұратын 18 бен 28 жас (қоса алғада) аралығындағы жастар, жетім балалар мен мүгедектер;
- 3) мүгедек баланы тәрбиелеп отырған жас ата-ана;
- 4) «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар мен көп балалы отбасылар.

Өтінім берушінің осал мәртебесі тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

2.3. Өтінім беруші байқауға қатысу үшін тек 1 (бір) әлеуметтік жобаны ұсына алады.

3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Өтінім беруші ұсынған жоба жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге немесе жастардың осал топтарын қолдауға бағытталуы тиіс.

3.2. Өтінім беруші жобаны 3 (үш) ай ішінде іске асыруға тиіс.

3.3. Жоба көрсетілген бағыттардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) жастар саясаты мен балалардың бастамаларын қолдау;
- 5) отбасы-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
- 6) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
- 7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек;
- 8) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 9) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- 10) мәдениет пен өнерді дамыту;
- 11) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 12) қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту;

13) пробация қызметтеріне оларда есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге жәрдемдесу;

14) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;

15) азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу;

16) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету.

3.4. Байқау аясында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін жобаларға, сондай-ақ келесі бағыттағы жобаларға қолдау көрсетілмейді:

1) жобаны іске асыру барысында ақылы қызметтер көрсетуді/тауарлар сатуды көздейтін коммерциялық қызмет;

2) ұсақ жөндеуді қоспағанда, құрылыс жұмыстарының қандай да бір түрлерін немесе ғимараттарды/үй-жайларды, оның ішінде стадиондарды, жылыжай кешендерін реконструкциялау/қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды көздейтін жобалар;

3) жергілікті мемлекеттік органдар, өзге де мемлекеттік мекемелер немесе үкіметтік емес ұйымдар үшін жабдықтарды/тауарларды сатып алуды/жалға алуды көздейтін жобалар;

4) діни ұйымдарға қызмет көрсету жөніндегі жобалар (шіркеулерді, мешіттерді жөндеу немесе салу, діни білім беру, діни әдебиетті басып шығару және т. б.);

5) қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін жобалар;

6) жер учаскелерін сатып алуды/жалға алуды, тұрғын үй сатып алуды/жалға алуды, автокөлік сатып алуды көздейтін жобалар;

7) басқа көздер есебінен тікелей ақшалай қаржыландыру алатын жобалар;

8) ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-зерттеу әдістемелерін/бағдарламаларын әзірлеу;

9) баспаханада қолжазбалар, журналдар, газеттер жазуды/басып шығаруды көздейтін жобалар;

10) мақсаты ақшалай сыйлықтар тапсыру, құттықтауларды ұйымдастыру, қандай да бір бағдарламаларды немесе жобаларды іске асырғаны үшін ақшалай сыйақы беру және т. б. болып табылатын жобалар;

11) грант қаражаты есебінен тікелей ақшалай қайырымдылық көмекті көздейтін жобалар;

12) жыныс, нәсіл, діни сенім, жас белгісі бойынша кемсітушілікке әкеп соғуы мүмкін қызметті жүзеге асыру.

3.5. Жоба онлайн-өтінім нысанына толық сәйкес ресімделуі тиіс.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

1) Ұйымдастырушының, Оператордың, мүдделі әріптестердің интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерінде байқаудың басталуы туралы хабарландыруды жариялау.

2) Байқауға әлеуетті қатысушылар үшін ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізу (байқау шарттары туралы мақалалар мен посттарды жариялау, аудандарда көшпелі семинарлар, көрнекі өнімдер шығару, колл-орталықтың консультациялары, т. б.).

3) Жобаның ақпараттық ресурсы арқылы өтінім берушілерден өтінімдерді қабылдау.

4) Өтінімдерді іріктеу және жеңімпаздарды анықтау.

4.2. Байқау туралы хабарландыру келесі негізгі мәліметтерді қамтиды:

Байқауға өтінім беру мерзімі: 2022 жылғы «26» шілдеден бастап «10» тамызға дейін.

Өтінімдерді іріктеу: 2022 жылғы «1» тамыздан бастап «18» тамызға дейін.

Байқау жеңімпаздары туралы хабарландыру: 2022 жылғы «18» тамыз.

Жобаны орындау мерзімі: грант беру туралы шартқа қол қойылған сәттен бастап 2022 жылғы 18 қарашаға дейін.

5. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

5.1. Байқауға қатысу үшін өтінім беруші сауалнама нысанына (1-қосымша) сәйкес барлық қажетті сауалнамалық деректерді толтырып, www.zhasproject-karaganda.kz ақпараттық ресурсында тіркелуі тиіс.

5.2. Ақпараттық ресурста конкурсқа қатысу үшін тіркеуден өткен өтінім берушілердің жеке кабинеттері құрылатын болады. Жеке кабинеттерде конкурс туралы барлық ресми ақпарат орналастырылады.

5.3. Ақпараттық ресурста тіркелгеннен кейін өтінім беруші жобалық өтінім нысанын толтырады. Өтінім әрбір тармақ бойынша және белгіленген нысанға (2-қосымша) сәйкес толтырылуы тиіс.

5.4. Жобалық өтінімдерді қабылдау кезеңінде ақпараттық ресурстың жұмысында ақаулар мен іркілістер туындаған және оларды бір күн ішінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, өтінім берушілерге электрондық пошта арқылы жобалық өтінімді берудің баламалы тәсілі ұсынылатын болады.

5.5. Байқауға қатысуға өтінім берушінің осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттарға келісім білдіру нысаны болып табылады.

5.6. Өтінім беруші өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін өзінің байқауға қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

5.7. Белгілеген өтінімдерді қабылдау күнінен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

5.10. Ұйымдастырушы алынған ақпараттың құпиялылығына және өтінім берушілердің жеке деректерінің сақталуына кепілдік береді.

6. ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

6.1. Жобаларды іріктеу екі негізгі кезеңнен тұрады:

- 1) техникалық іріктеу;
- 2) байқау комиссиясының іріктеуі.

6.2. Өтінімдерді техникалық іріктеуді ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың осы Ереженің шарттарына сәйкестігін анықтау мақсатында ұйымдастырушының қызметкерлері жүргізеді.

6.3. Техникалық іріктеуді жүргізу кезінде ұйымдастырушы қызметкерлері келесі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

- *өтінім берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігі.* Өтінім беруші осы Ереженің 2.1-тармағында көрсетілген талаптарына сәйкес келуі тиіс. Өтінім беруші көрсетілген өлшемшарттардың біріне сәйкес келмеген жағдайда, оның өтінімі техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды.

- *өтінім берушінің жобалық өтінімінің рәсімделуі мен толықтығы.* Барлық ұсынылған өтінімдер осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделуі және толтырылуы тиіс. Өтінімге барлық талап етілетін құжаттар қоса берілуге тиіс. Талаптарды бұза отырып ресімделген немесе ішінара толтырылған өтінімдер техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды.

- *жобаның бағыттылығы.* Ұсынылған жобалар осы Ереженің 3.1-3.5-тармақтарының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Көрсетілген тармақтарға сәйкес келмейтін жобалық өтінімдер техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды.

6.4. Техникалық іріктеу кезеңінде жобалық өтінім пысықтауға жіберілуі мүмкін. Өтінім беруші жеке кабинетте хабарлама алған сәттен бастап екі күн ішінде өтінімді пысықтауға тиіс. Көрсетілген мерзімде барлық ескертулер жойылмаған жағдайда, өтінім қабылданбауы мүмкін.

6.5. Техникалық іріктеу нәтижелері жобаның ақпараттық ресурсында жарияланатын хаттамамен ресімделетін болады.

6.6. Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдер байқау комиссиясының мүшелерінің қарауына жіберіледі. Байқау комиссиясы сыртқы сарапшылардан тұратын және бағалау өлшемшарттарына сәйкес жобаларды іріктейтін болады. Комиссия құрамы Оператормен келісіледі.

6.7. Байқау комиссиясының әр мүшесі жобаларды дербес және критерийлерге сай қарастырып, бағалайды.

Рассмотрение и оценка проектов будут проводиться каждым членом конкурсной комиссии самостоятельно согласно критериям оценки.

6.8. Комиссия мүшелері жобаларды келесі өлшемшарттар бойынша бағалайды.

| р/с № | Бағалау өлшемшарты | Баға (0-5 балл) |
|-------|---|-----------------|
| 1. | Жобаның әлеуметтік маңызы (<i>жоба шешуге бағытталған әлеуметтік мәселенің маңыздылығы, нысаналы аудиторияның қажеттіліктеріне сәйкестігі</i>) | |
| 2. | Жоба нәтижелерінің қол жетімділігі | |

| | | |
|----|--|--|
| | <i>(жоба нәтижелерінің болуы, нақтылығы және шынайылығы, жобаның нысаналы тобын қамту)</i> | |
| 3. | Жобаның тұрақтылығы <i>(жобаны одан әрі дамыту және қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметін жалғастыру келешегінің болуы)</i> | |
| 4. | Жобаны орындау жоспарының нақтылығы мен ұтымдылығы <i>(жобаны орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының қисындылығы мен дәйектілігі, жобаның жоспарланған іс-шараларының оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі)</i> | |
| 5. | Бюджеттің орындылығы мен негізділігі <i>(бюджеттің жоспарланатын баптарының жоба бойынша болжанатын қызметке сәйкестігі)</i> | |

6.9. Әрбір өлшемшарт бес балдық (0-ден 5-ке дейін) шкала бойынша бағаланады.

| | |
|---|---------------------------|
| Өлшемшартқа сәйкестікті бағалау шкаласы: 0-5 балл (бүтін сандар) | |
| 0 балл | Сәйкессіздік |
| 1-2 балл | нашар сәйкестік |
| 3 балл | қанағаттанарлық сәйкестік |
| 4 балл | жақсы сәйкестік |
| 5 балл | өте жақсы сәйкестік |

6.10. Әрбір өлшемшарт бойынша кіші комиссия мүшелері жоба бойынша өз балын қояды.

6.11. Бағалау қорытындысы бойынша конкурстық кіші комиссияның барлық мүшелері қойған балдардың сомасы болып табылатын жобаның жалпы балы есептеледі.

6.11. Байқау жеңімпаздарын анықтау байқау комиссиясының отырысында жүргізіледі.

Комиссияның отырысына оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады. Комиссия төрағасы комиссия отырысында сайланады.

Комиссияның шешімдері отырысқа қатысып отырған оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, қатысып отырған мүшелері және хатшысы қол қояды. Хаттама жобаның ақпараттық ресурсында орналастырылады.

Ұйымдастырушы ұйымның өкілі байқау комиссиясының хатшысы болып табылады, ол байқау комиссиясының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бірақ оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

Байқау комиссиясының шешімі түпкілікті сипатта болады және өзгертуге жатпайды.

6.12. Өтінімдерді бағалау және конкурс жеңімпазын айқындау барысында «мүдделер қақтығысы» жағдайы туындаған кезде жеке мүдделілігі шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін байқау комиссиясының мүшесі туындаған «мүдделер қақтығысы» туралы байқау комиссиясына хабарлауға және комиссия мүшелері қатарынан шығуға тиіс.

6.13. Байқау комиссияның отырысында кіші комиссия мүшелерінің жобаларды бағалау қорытындылары бойынша жасалатын жобалардың жиынтық рейтингі қаралатын болады.

Жобалар рейтингі жобаның жалпы балының және жастардың осал тобына жататын өтінім берушілерге берілетін 15 балл мөлшерінде қосымша баллдың негізінде қалыптастырылатын болады.

6.12. Жалпы және қосымша баллдардың ең көп сомасын жинаған 63 өтінім беруші байқау жеңімпаздары болып танылады.

6.13. Бірдей балл сомасы бар бірнеше жобаның болуы себебінен байқау жеңімпаздарын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, комиссия отырысында жобаларды іріктеудің тәуелсіз әдісі – рандомизация (жобаларды компьютерлік іріктеу) қолданылатын болады. Рандомизация баллдары бірдей жобалар үшін ғана қолданылатын болады.

6.14. Егер 63 грант алушы айқындалғаннан кейін шағын гранттарды қаржыландыруға бөлінген қаражатты үнемдеу қалыптасса, оператормен келісім бойынша қаражатты үнемдеу сомасына грант алушылардың қосымша санын айқындау мақсатында конкурстық комиссияның отырысы өткізілуі мүмкін.

7. ГРАНТ ҚАРАЖАТЫН АУДАРУ ТӘРТІБІ

7.1. Жобаға шағын грант бөлу байқау комиссиясының хаттамасы және грант беру туралы қол қойылған шарт негізінде жүзеге асырылатын болады.

7.2. Ұйымдастырушы грантты қаржыландыруды жобаның бекітілген сметасына сәйкес ұсынылған грант алушылар ұсынатын төлем шоттары бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің есеп айырысу шотына қаражат аудару арқылы жүзеге асырады.

Жобалар аясында тартылатын мамандардың қызметтеріне ақы төлеуді ұйымдастырушы орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді ұстай отырып, орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүзеге асырады.

Шағын грант аясында сатып алынған әрбір негізгі құрал бойынша кемінде 2 (екі) баға ұсынысының болуы міндетті.

7.4. Жоба сметасын түзетуге ұйымдастырушының келісімімен ғана оны жазбаша хабардар ету жолымен жол беріледі.

8. ЕСЕПТІЛІК БЕРУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАР МОНИТОРИНГІ ТӘРТІБІ

8.1. Грант алушы жобаны іске асырудың бірінші айы өткеннен кейін ұйымдастырушыға аралық шығармашылық есепті ұсынады (3-қосымша).

Аралық есепті ұсыну мерзімдері грант беру туралы шартта көрсетілетін болады.

8.2. Грант алушы жоба аяқталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын ұйымдастырушыға жоба бойынша қорытынды шығармашылық есепті ұсынады (4-қосымша).

8.3. Ұйымдастырушының сұратуы бойынша қажет болған жағдайда грант алушы шығармашылық есептерді пысықтауы тиіс.

8.4. Жоба бойынша қаржылық есепті ұйымдастырушы жасайды.

8.5. Ұйымдастырушы грант алушыдан әлеуметтік жобаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты оның кез келген сатысында сұрата алады.

8.6. Ұйымдастырушы жергілікті жерлерде әлеуметтік жобалардың іске асырылу сапасын тексеруді, жобалардың нәтижелеріне қол жеткізуді бағалауды жүзеге асыру үшін мүдделі әріптестерді тарта отырып, мониторингтік топ құратын болады.

Жобалар мониторингі аясында сауалнамалық сұраулар, фокус-топтар, телефон арқылы сұраулар, «жасырын сатып алушы», әлеуметтік желілер мониторингі және т. б. жүргізілетін болады.

Шағын гранттарды іске асыру мониторингінің өлшемшарттары:

- белгіленген мерзімге сәйкес жоспарланған іс-шаралар мен күтілетін нәтижелердің орындалуы;

- мақсатты аудиторияны қамту;

- грант қаражатына сатып алынған тауарлар мен қызметтердің болуы және пайдаланылуы.

8.7. Грант алушы Оператор мен ұйымдастырушыға жобаның іске асырылу барысы, оның кезеңдері мен нәтижелері туралы ақпаратты БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялауға келісім береді.

8.8. Гранттық жобаларды іске асыру туралы ақпарат, сондай-ақ нәтижелер грант алушының әлеуметтік желілерінде #zhasproject_karaganda, #cisc, #cisc_sub, #jasulan2022 хэштегімен орналастырылуы тиіс.

9. ГРАНТ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

9.1. Грант алушылар өмірлік маңызы бар дағдыларға, жұмысқа орналасу дағдыларына және әлеуметтік кәсіпкерлікке оқыту бағдарламасынан өту мүмкіндігіне және т.б. ие болады.

9.2. Оқыту бағдарламасы білім беру тренингтерінің, мастер-класстардың, воркшоптардың және т. б. онлайн және офлайн форматтарын көздейді.

9.3. Грант алушыларға жобаларды іске асыруға жәрдемдесу үшін қажетті білімі мен тәжірибесі бар менторлардың қолдауы көрсетілетін болады. Менторлармен кездесулер онлайн және офлайн форматта өтеді.

9.4. Ұйымдастырушы грант алушылармен жұмыс істеу кезінде менторларды қолдап, оларға кеңес беретін болады, сондай-ақ менторлардың жұмысына мониторинг жүргізеді.

10. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

10.1. Байқауға қатысуға қатысты барлық сұрақтар бойынша жобаның колл-орталығына +7 775 764 8747 телефоны арқылы хабарласуға болады.

10.2. Ұйымдастырушы өтінім берушілердің байқауға қатысуына байланысты шығыстарын өтемейді.

10.3. Байқауға қатысуға өтінім беру арқылы өтінім беруші ұйымдастырушыға осындай өтінім құрамында ұсынылған барлық ақпаратты талдамалық және өзге де мақсаттарда пайдалануға рұқсат береді.

10.3. Барлық туындаған дауларды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

10.4. Байқаудың ұйымдастырушысы: «Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен.

Мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,

Д.Қонаев к-сі, 12/1 үй, 427 кабинет

Тел: 8 (7172) 25 15 45, 8 775 764 8747

e-mail: zhasproject.karaganda2022@gmail.com, zhasulan2020@mail.ru

Менеджер: Ақмамбет Ақбота

**Шағын гранттар байқауына қатысуға
САУАЛНАМА АНКЕТАСЫ**

| | | |
|-----|--|---|
| 1. | Тегі <i>(жеке куәліктегідей)</i> | |
| 2. | Аты <i>(жеке куәліктегідей)</i> | |
| 3. | Әкесінің аты <i>(жеке куәліктегідей)</i> | |
| 4. | Жынысы | ✓ Ер ✓ Әйел |
| 5. | ЖСН | |
| 6. | Туған күні | **.*.*.**** |
| 7. | Азаматтық | |
| 8. | Контактілер <i>Ұялы телефон / кеңсе тел. / электрондық пошта</i> | |
| 9. | Байланыс жасайтын тұлға <i>(сізбен байланыс үзілген жағдайда біз хабарласа алатын адамды көрсетіңіз: аты-жөні, моб. тел /жұмыс. тел.)</i> | |
| 10. | Отбасы жағдайы | ✓ Жалғыз ✓ Үйленген ✓ Ажырасқан ✓ Жесір/жесір ✓ Басқа |
| 11. | Сіз өзіңізді жастардың қандай осал тобына жатқызасыз? <i>(растайтын құжатты қоса тіркеу қажет)</i> | ✓ Тіркелген жұмыссыз адам; ✓ Аз қамтылған отбасынан; ✓ Көп балалы отбасынан; ✓ Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатынан; ✓ Мүгедектігі бар адам; ✓ Мүгедек баласын тәрбиелеп отырған жас ата-ана; ✓ «Алтын алқа» алқасымен марапатталған көп балалы ана. ✓ Мен көрсетілген санаттарға жатпаймын |
| 12. | Мүгедектік дәрежесін көрсетіңіз <i>(алдыңғы сұраққа жауап иә болса)</i> | ✓ 1 группа ✓ 2 группа ✓ 3 группа |
| 13. | Сіз қайда тұрасыз? | ✓ Облыс орталығы (қала) ✓ Ауыл ✓ Қалалық типтегі елді мекен |
| 14. | Нақты тұрғылықты жерінің мекенжайы <i>облыс, қала/аудан, елді мекен, көше, үй, пәтер</i> | |
| 15. | Сіз бітірген оқу орның көрсетіңіз | ✓ Мектепті бітірмеген ✓ Мектеп бітірген (9 сынып) ✓ Мектеп бітірген (11 сынып) ✓ Колледжді (кәсіптік лицей, кәсіптік лицей) бітірген |

| | | |
|-----|---|---|
| | | <input checked="" type="checkbox"/> Университетті бітірген (бакалавр) <input checked="" type="checkbox"/> Магистратура/PhD докторантурасын бітірген |
| 16. | Сіз қазір оқып жатырсыз ба? | <input checked="" type="checkbox"/> Иә <input checked="" type="checkbox"/> Жоқ |
| 17. | Сіз оқитын оқу орнын көрсетіңіз (алдыңғы сұраққа жауап иә болса) | <input checked="" type="checkbox"/> Мектепте оқимын <input checked="" type="checkbox"/> Мен колледжде (кәсіптік лицей, кәсіптік лицей) оқимын <input checked="" type="checkbox"/> Мен университетте оқимын (бакалавр) <input checked="" type="checkbox"/> Магистратура /докторантура |
| 18. | Қазіргі уақытта оқып жатқан оқу орнының атын көрсетіңіз | |
| 19. | Сіз қазір жұмыс істеп жатырсыз ба? | <input checked="" type="checkbox"/> Мен жұмыс істеймін (20 сұраққа өтіңіз) <input checked="" type="checkbox"/> Жұмыс істемеймін (21 сұраққа өтіңіз) |
| 20. | Жұмыс орны Қазіргі уақытта жұмыс істейтін ұйымның атауын, лауазымыңызды көрсетіңіз | |
| 21. | Егер сіз жұмыс істемейтін болсаңыз, қанша уақытқа дейін? | <input checked="" type="checkbox"/> 3 айға дейін <input checked="" type="checkbox"/> 6 айға дейін <input checked="" type="checkbox"/> 1 жылға дейін <input checked="" type="checkbox"/> 3 жылға дейін <input checked="" type="checkbox"/> 3 жылдан жоғары |
| 22. | Сіз декреттік демалыстасыз ба? | <input checked="" type="checkbox"/> Иә <input checked="" type="checkbox"/> Жоқ |
| 23. | Сіз жастарды қолдаудың қандай мемлекеттік және басқа бағдарламаларына қатыстыңыз? | <input checked="" type="checkbox"/> ZhasProject <input checked="" type="checkbox"/> «Дипломмен – ауылға!» <input checked="" type="checkbox"/> Жастар тәжірибесі <input checked="" type="checkbox"/> «Жасыл жеді» <input checked="" type="checkbox"/> «Жас маман» жобасы <input checked="" type="checkbox"/> "Мәңгілік ел жастары - индустрия!" <input checked="" type="checkbox"/> «Болашақ» халықаралық стипендиясы <input checked="" type="checkbox"/> «Даму» қорының кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары <input checked="" type="checkbox"/> Жас кәсіпкер, БастауБизнес <input checked="" type="checkbox"/> Әлеуметтік жұмыс орындары <input checked="" type="checkbox"/> «Баршаға арналған тегін кәсіптік білім» <input checked="" type="checkbox"/> Басқалар (көрсетіңіз) <hr/> <input checked="" type="checkbox"/> Жоқ, ешқашан қатысқан емес |
| 24. | Жоба туралы қалай естідіңіз? | <input checked="" type="checkbox"/> әлеуметтік желілерден |

| | | |
|-----|--|--|
| | | ✓ бұқаралық ақпарат құралдарында (газеттер, теледидар және т.б.) ✓ ақпараттық кездесуде ✓ қоғамдық ұйымда ✓ мемлекеттік ұйымда (білім беру мекемесінде, МРК, әкімдікте және т.б.) ✓ туыстарынан, достарынан, таныстарынан ✓ плакаттардан, афиша, буклеттерден және т.б. |
| 25. | Сіздің әлеуметтік желідегі парақшаларыңыз бар ма? | ✓ Иә ✓ Жоқ |
| 26. | Әлеуметтік желілердегі беттерге сілтемелерді көрсетіңіз (егер алдыңғы сұраққа оң жауап берілсе). Сіз өзіңіздің логиніңізді жаза аласыз (мысалы, Instagram: @zhasproject, Вконтакте: zhasproject) | |

Өтінімге қосымшалар

Өтінімге қоса беріледі:

міндетті түрде:

- 1) жеке куәліктің екі жағындағы сканерленген нұсқасы (төлкүжат);
- 2) кемінде 3 ай тұрақты тіркеуді растау (Т.А.Ә., ЖСН көрсете отырып www.egov.kz сайтындағы жеке кабинеттен);
- 3) осал жағдайды растайтын құжаттар (мүгедектік туралы анықтама, жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама, АӘК алғаны туралы анықтама және т.б.)

**Шағын гранттар байқауына қатысу
ЖОБАЛЫҚ ӨТІНІШТІҢ НЫСАНЫ**

| Жоба туралы ақпарат | | |
|----------------------------|--|---|
| 1. | Жобаның аты <i>Жобаның атын көрсетіңіз</i> | |
| 2. | Жоба бағыты | <ul style="list-style-type: none"> ✓ білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу; ✓ азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау; ✓ қоршаған ортаны қорғау; ✓ жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау; ✓ отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу; ✓ халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау; ✓ жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету; ✓ халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ✓ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; ✓ мәдениет пен өнерді дамыту; ✓ тарихи-мәдени мұраны қорғау; ✓ қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту; ✓ өздерінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу; ✓ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу; ✓ азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға |

| | | | | | |
|-----|---|---|----------------------|--------------|---------|
| | | жәрдемдесу бойынша жүзеге асырылады. ✓ өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету бағыты бойынша | | | |
| 3. | Жобаның мақсаты <i>Сіздің жобаңыз не үшін? Жоба сіздің елді мекендегі қандай әлеуметтік мәселені шешеді?</i> | | | | |
| 4. | Жобаны іске асыру аймағы | | | | |
| 5. | Жобаның мақсатты тобы <i>Сіздің жобаңыздан кім пайда көреді?</i> | | | | |
| 6. | Мақсатты топты жоспарлы сандық қамту <i>Сіздің жобаңыздан қанша адам пайда көреді? Белгілі бір санды көрсетіңіз</i> | | | | |
| 7. | Жоба әрекеттерінің қысқаша сипаттамасы <i>Жобаны жүзеге асыру үшін не істейсіз? Сіз мұны қалай жасайсыз? Сіз қандай іс-шаралар өткізесіз?</i> | | | | |
| 8. | Жоба серіктестері <i>Жобаны кіммен жүзеге асырасыз? Кімнен көмек сұрау керек? Кімді тарту керек? Сіз серіктес ретінде қандай ұйымдар мен мекемелерді тартуды жоспарлап отырсыз? Серіктестердің атын көрсетіңіз.</i> | | | | |
| 9. | Жобаның күтілетін нәтижелері <i>Нәтижесінде сіз не аласыз? Жобадан кейін сіздің аймағыңызда қандай өзгерістер болады?</i> | | | | |
| 10. | Жобаның жалпы құны (теңгемен) <i>Жобаға қанша ақша қажет?</i> | | | | |
| 11. | Жобаның тұрақтылығы <i>Қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаны жалғастыра аласыз ба? Жобаны жалғастыруды қалай жоспарлайсыз?</i> | | | | |
| 12. | Қоғамдық ақпарат <i>Адамдар сіздің жобаңыз туралы қалай біледі? Жоба туралы ақпаратты қайда орналастырасыз?</i> | | | | |
| 13. | Жобаны іске асыру жоспары | | | | |
| | № | Әрекет / шара | Жоспарланған мерзімі | Мақсатты топ | |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | |
| | | | | | |
| 16. | Жобаның бюджеті | | | | |
| | № | Шығындар баптары | Бірліктер саны | Бағасы | Соммасы |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | | |

ЖОБАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП НЫСАНЫ

Жобаның атауы _____
Грант беру шартының нөмірі _____
Грант алушының Аты-жөні _____

1. Есепті кезеңде атқарылған жұмыстардың сипаттамасы

- Жобаны жүзеге асыру шеңберінде есепті кезеңде атқарған жұмысыңызды сипаттаңыз (іс-қимыл жоспары бойынша не істедіңіз, қандай іс-шараларды орындадыңыз, іс-шаралардың күні мен орны, кімдер қатысты, қанша адам, қандай нәтиже алдыңыз және т.б.)
- Жобаның іс-шаралар жоспарына қандай да бір өзгерістер енгіздіңіз бе? Қандай өзгерістер енгіздіңіз?
- Жобаны жүзеге асыру барысында қандай қиындықтарға тап болдыңыз? Сіз оларды шеше алдыңыз ба? Сіз бұл мәселелерді қалай шештіңіз?
- Осы аралар кезде серіктестерді қатыстырдыңыз ба? Қандай серіктестер тартылды? Аріптестер қалай көмектесті?
- Жоба қызметі қай жерлерде көрсетілді? (әлеуметтік желілерге, веб-сайттарға сілтемелерді көрсетіңіз, жарияланымдардың, бейнелердің көшірмелерін қосыңыз)

2. Есепті кезеңдегі фотоматериалдар. *Есепті кезеңде атқарылған жұмыстарды көрсететін 5-7 сапалы фотосуреттерді қоса беру қажет, оның ішінде өткізілген іс-шаралардан, сатып алынған жабдықтардан, ментормен кездесулерден және т.б.*

3. Мақсатты топтардың тізімдері. *Жоба шеңберінде көмек көрсеткен мақсатты топтың тізімін қоса беру қажет.*

ЖОБАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП НЫСАНЫ

Жобаның атауы _____
 Грант беру шартының нөмірі _____
 Грант алушының Аты-жөні _____

1. Жоба туралы қысқаша мәлімет

| № | Іс-шараның атауы | Іс-шараның күні мен орны | Қатысушылар және олардың саны | Қол жеткізілген нәтижелер |
|---|------------------|--------------------------|-------------------------------|---------------------------|
| | | | | |

2. Жобаға қатысушыларды қамту

Кесте 2.1 Гендерлік көрсеткіш

| Қатысушылардың жалпы саны | Ерлер | Әйелдер |
|---------------------------|-------|---------|
| | | |

Кесте 2.2 Жас көрсеткіші

| Жасы | 18 жасқа дейін | 18 жастан 23 жасқа дейін | 24 жастан 29 жасқа дейін | 30 жастан 58 жасқа дейін | 58 жастан асқан |
|------------------|----------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------|-----------------|
| Қатысушылар саны | | | | | |

Кесте 2.3 Әлеуметтік көрсеткіш

| Санат | Жұмыссыз | мүгедектер | Жетімдер | Көп балалы отбасылар | Аз қамтылған отбасылар |
|---------------------------------|----------|------------|----------|----------------------|------------------------|
| Қатысушылар саны | | | | | |
| Халықтың осал тобын жалпы қамту | | | | | |

3. Жобаның әлеуметтік әсері (мақсатты аудитория жобаны жүзеге асырудан не алды; жоба жергілікті қоғамдастық үшін мәселені шешуге қалай әсер етті).

4. Серіктестердің қосқан үлесін талдау (жобаны жүзеге асыруда серіктестер қандай көмек көрсетті, жобаны қалай нығайтты, серіктестермен өзара әрекеттесуді жалғастыру қалай жоспарлануда).

5. Жобаның тұрақтылығы (жобаны жалғастыру жоспарлануда ма, жоба қалай жалғасады).

6. Өткізілген іс-шаралар туралы қосымшалар (жобаның бүкіл кезеңіне қатысушылардың тізімі, жобаның бүкіл кезеңіне арналған фотосуреттер (кемінде 20 түрлі фотосурет), әлеуметтік желілердегі, газеттердегі, веб-сайттардағы, іс-шаралар бағдарламаларындағы бейнелер, мақалалар мен жазбалар, жұмыс кестелері, конкурс ережелері және т.б.).